

6. Курбатов А.Я. Правовое регулирование деятельности государственных корпораций как организационно-правовой формы юридических лиц // СПС «КонсультантПлюс».

7. Долинская В.В. Реорганизация юридических лиц // Законы России: опыт, анализ, практика. 2006. N 8; Долинская В.В. Юридические лица. Гл. 6 // Гражданское право. Часть первая: Учебник / Отв. ред. А.И. Масляев, В.П. Мозолин. М., 2007. С. 125.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Тоқатов Р.А. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы аға оқытушысы з.ғ.м.,
Л.Н.Сыздыкова Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Университетінің 4-курс студенті*

Қазіргі таңда, кез келген салада шешілмей жатқан мәселелер өте көп. Соның бірі ретінде біз азаматтық құқық саласындағы заңнамалық актілердің мазмұнын қазақ тілінде қалыптастыруға байланысты өзекті мәселелерді қарастыруды жөн көрдік. Бұл мәселені алға тартуымыздың басты мақсаты еліміздегі тіл мәселесін көтеру, оның беделін асқақтату және де халыққа түсінікті, әрі қолжетімді заңнамалық актілердің қазақ тілінде қабылдану жағдайын қарастыру. Әрбір қоғам иесінде неліктен заңнама қазақ тілінде қабылданбайды? Қазақ тілінің орны қандай? Деген сияқты әр қилы сұрақтар кездеседі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілге байланысты мәселелерінің шешілуі, заңнамалық актілерінің жалпыға тең, түсінікті ұғымға толы болуы елімізді биікке көтеретін бастамалар деп айта аламыз. Тілдің беделін көтеру – елдіміздің саясатының аса маңызды бағыты деп айтсақ болады. Негізінен мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл барша халықтық іске айналғанда көздеген мақсатына жете алады. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Ең бастысы, қазір қазақстандықтар аға буын, жастар тілді дамытуға ықылас танытып отыр. Тіл тағдырына деген жеке адам ретінде жанашырлығымыз бен қамқорлығымыз артуда. Ал, орыс тілінің елімізде атқарар рөлі қандай? Бұл сұраққа данышпан Абай заманынан бергі уақытта бой көтере бастаған бүкіл қазақ зиялылар еңбегімен де тіл қатуға болады. Алаштың ардақтысы Міржақып Дулатов ағартушылық ісіндегі бір сөзінде былай деген. « Ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйреніп, өмірлік қажеттіліктеріңе қол жеткіз. Сонда, жерінді, малыңды сақтайсың, басқалардан қорлық көрмейсің». Дәл осы ой қазақ халқының қазіргі тіршілігінде орыс тілінің қаншалықты маңызды екенін айқындап берген. Егер, заңда ұлтаралық қатынас тілін орыс тілі етпесе, қара қазақ бір тілменен шектеліп қалушы ма еді, кім білсін... Ең алдымен, орыс тілі елімізді мекен еткен өзге ұлт өкілдерімен қатынаста керек болса, екіншіден, таяз болып, мәдениеті бой көтере алмай қалған халқымыздың дамуы үшін қажет. Сонда да біз қанша қажеттілігі болғанмен қазақ тілін алға қойып, орыс тілін тек қосымша ретінде пайдалану қажет деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасы дамыған, құқықтық мемлекет ретінде таныла отырып, әлі күнге дейін мемлекеттік тіл мәселесі дұрыс реттелмей келе жатыр. Заңгерлердің негізгі проблемалары заңды түсіну мен түсіндіру болып табылады. Жас ұрпақ, әрі оқушы ретінде заңды дұрыс ұғыну қиынға түседі. Ата заңымыздың 1-бабына сүйенсек, Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады.[1,б.1] Құқықтық мемлекетке тенелгенмен еліміздегі құқық, құқықтүсінушілік жағдайлары төмен сатыда орналасқан. Адам өзін сақтай білуі үшін, өз құқықтарын білуі керек деп жар саламыз. Тек, осы құқықты үйренуге, жеңіл түсінуге

жағдай толық көлемде жасалып отырма деген сұрақ ешкімді толғандырмайды. Құқықтану секілді дәрістерді мектеп барысына, мекемелерде өткізілуін талап етеміз, бірақ заң тілі ресми тіл, оның лингвистикалық жазылуы маңызсыз болуын байқамаймыз. Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында көрсетілгендей "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл- қазақ тілі". Біз нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тілде жазылуын қолдаймыз. Қазіргі заманда тілді мемлекеттік мәртебені алып жүруі, оның толыққанды тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Ал, тіл тәуелсіздігі заман талабына сай өмірдің барлық қарым-қатынас құралы бола алатындай оның қабілеті мен мүмкіндіктеріне тіреледі. Ал, тілдер туралы заңның 5-бабына келсек, "мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады" делінген. Мүмкін осы бап бізді шатастырып жүрген шығар, негізгі деп үш тілді атап, олардың дамуын арттыра отырып, өзіміз қазақ тілінің дамуын тежеп жатырмыз. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте» – деп талантты ақын Қадыр Мырза Әли бекер айтпаған. Әрине тіл еркіндігі бар, адам құқықтары да қорғалады, бірақ "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады-, деп Ахмет Байтұрсыновтың сөзін алға қойғымыз келеді. Енді, ең басты мәселе заң маңындағы тілден туындаған проблемаға келсек, заң жобасы алдымен ресми тіл болып танылған орыс тілінде жазылады, кейіннен қазақ тіліне аударылады. Осы себепті халықтың, тіпті заңгерлердің ақиқат орнату барысында қиыншылыққа ұшырауы жиі кездеседі. Мен болашақ маман ретінде нормативтік құқықтық актілердің мазмұнында түсінбей қалған мәселелер саны өте көп екенін айта аламын. Бұл кең ауқымдағы проблема болып табылады. Бұл проблеманың негізгі бастауы, заңдардың ең алдымен жобасы орыс тілінде жазылып, қазақ тіліне заңгерлер емес филологтардың аударуы. Қазақстан Республикасы көптен күткен тәуелсіздікті алған сәтінен бастап мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін бекіту үшін бірқатар заңдар мен реформалар қабылдады. Олардың ішінде «Тілдер туралы» Заңы, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және т.б. қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуына және іс-жүргізудің қазақ тілінде жүзеге асырылуына зор ықпал етті. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылғандығын атап өтсек, осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: ресми аударма ісі филологтарға (бірінші мамандығы «филолог», екінші мамандығы «заңгер») жүктелген.[2, б. 1] Дұрысы заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер, яғни бірінші меңгерген мамандығы «заңгер» болуы керек. Өйткені, майталман аудармашы-филолог маманның өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Өкініштісі бұл жүйенің әлі өзгеріске ұшырамауы. Заңдық техникадан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни құқық нормасының мәнісін бұрмалайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан, заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы оның мәнісін түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек.

Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал 3 тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» делінген.[3, б. 24] Ал,бұл талаптардың орын алмауына бірнеше мысалдарымыз бар. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 236-бабына келетін болсақ, «жанадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы» деп аталған. Ал, кодекстің орысша мәтінінде «Возникновение права собственности на вновь создаваемое недвижимое имущество» делінген. Бұл жердегі «жасалып» деген сөз тіркесін орынсыз деп санаймыз, себебі орыс тілінен аударылғанда «создаваемое», «құрылған» деп аударылады, ал баптың өзінде түсіндірушіліктер

«тұрғызылған» деп жазылады. Жаңадан тұрғызылып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы деген атауға ауыстыруды қолдаймыз. Түсініспеушілікке әкеліп, дау туғызатын мәселелердің алдың алу мақсатында. Бұл жерде айта кететін болсақ, Азаматтық кодекстің 236-бабы «Жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы» ««Возникновение права собственности на вновь создаваемое недвижимое имущество» деп аталса, 255-бабы «Жер учаскесін және басқа да табиғи ресурстарды алып қоюға байланысты жылжымайтын мүлікке меншік құқығының тоқтатылуы» «Прекращение права собственности на недвижимое имущество в связи с изъятием земельного участка и других природных ресурсов» деп аталады. Осы баптардың редакциясында «жылжымайтын мүлік» сөздерінің орнына «қозғалмайтын мүлік» сөздері қолданылады. Яғни, орысша мәтіндегі «недвижимое имущество» сөздері екі түрлі аударылған, 117-бапта «жылжымайтын және жылжымалы мүлік», ал басқа 216, 240, 242, 247, 249, 281, 299, 309, 319-баптарында «қозғалмайтын мүлік», «қозғалмалы мүлік» деген сөздер қолданылады. Бұл жерде біріздендіру мәселесі туындап отыр, яғни ресми түрде қабылданған бірыңғай терминалогиялық сөздікке нақты аударымдарды бекіту мәселесі туындауда. Осыған сәйкес нақты ресми унификацияланған сөздікті қабылдау мәселесі туындауда. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 125-бабында «ерекше құқығы» деп аударылыпты, бірақ «айрықша құқық» деп ауыстырса, дұрыс болады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, 516-бап. «Қайырмалдық» деген атаумен орналасқан. Қайырмалдық сөзінің орнына қайырымдылық деп ауыстырған ыңғайлы деп ойлаймыз. Себебі, қатынасқа түсуші тұлғалар норманы қолдануда бұл сөздің мағынасын, тіліміздің басқа тілдермен аралас болып бара жатуынан дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. «Пожертвования» деп орысша нұсқасында жазылған. Ал, нағыз құқықтық қатынастың бірден бір маңызды деген терминіна келетін болсақ, Азаматтық кодекстің 39-бабы «Заңды тұлғаның тұрған жері» «Место нахождения юридического лица» деп айтылған. Бірақ «заңды тұлғаның орналасқан жері» толыққанды баптың мәнін ашады. Сол себепті бұл баптың мәтінін өзгертуді сұраймыз. Осы бапты қарастыру барысында әр адам әр қилы ойға беріледі. Сондықтан өзгертілуі тиіс деп ойлаймыз.[4, б. 11] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі туралы атап айтсақ, 2016 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізілгеннің өзінде 2017 жылы, 2020 жылы өзгерістер енгізілген. Тіпті өзгерістен енгізілген күннің өзінде аудармада қателіктер басым. Қарапайым мысалы, 82-бабы «внутрисистемные и специальные перерывы» деп орыс тіліндегі кодексте жазылған, ал қазақ тілінде бұл бап “ауысымшылық және арнайы үзілістер” деп аталады. Ауысымшылық деген сөзді әр адам әр қилы мағынада түсінеді. Осыдан шиеліністер мәселелер туындайды. Бұл бапты “жүйеішілік және арнайы үзілістер” деп өзертуді қолдаймыз. 2011 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіндеде біршама түсініксіз аудармалар кездеседі. Бұл кодекске 2016 жылғы енгізілген өзгерту мен толықтыруларға қарамастан, 47-бабында “ баланың туу тегін анықтау” деген деп тұр, орыс тіліндегі кодексте “ установление происхождения ребенка” деп жазылған. Баланың туу тегі дегенге қарағанда баланың шығі тегін анықтау деген атаумен болуы дұрыс деп ойлаймыз.

Елбасының Жарлығына сәйкес, барлық орталықтар, жергілікті атқарушы және жоғарғы билік органдары, Президент Әкімшілігі, Парламент, Үкімет ісқағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруі тиіс еді. Бірақ, ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіру күрделі күйінде, аудармашылардың мойынында қалып жатыр. Қазіргі кезде, «Талап арыз қай тілде түссе, сол тілде іс жүргізіледі» деген сөз біздің соттардың мемлекеттік тілдің байқаусыз қалуына әсерін тигізуде. 1998 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 30-бабына, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабына сәйкес елімізде қылмыстық және азаматтық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Заңның басты қасиеті - оның басқа нормативтік актілерден жоғары екендігінде және қалай оқылады, солай қолданылуға жататындығында. Егер заңның мәтініне зер салсақ, мемлекетімізде сот ісі

қазақ тілінде жүргізілуі тиіс.[5, б.1] Мемлекеттік тілмен бірге орыс, басқа да тілдер қолданылуы мүмкін, тек қажет болған жағдайда ғана. Құқықтық тұрғыдан сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу нормасы жоғары тұруы тиіс. Қазақстан унитарлық мемлекет ретінде саналады. Ендеше, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу үшін ешқандай дау-дамай туындамауы керек.

Мәжіліс аппаратындағы редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі тәуелсіздік алған жиырма тоғыз жыл аралығында заң жобаларының 90%-ан астамынан бір де бір жобаны ана тілімізде дайындамапты. Жалпы тәуелсіздіктің жиырма тоғыз жылында екі заң ғана қазақ тілінде дайындалған. Олар – 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заң мен 2002 жылғы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заң. Әрине бұған жыл сайын жаңадан заң жазылып жатпағанын, қабылданған заң жобаларының тек өзгерістер мен толықтырулар екенін алға тартып, уәж айтуға болар. Дегенмен, түзетулер енгізіліп жатқан заң жобаларының өзі әлі күнге дейін орыс тілінде дайындалуда.[6, б. 15]

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» - деп, қазақ тілінің мәртебесі артатыны туралы жариялаған еді. Бірақ әлі күнге дейін қазақ тілінің дамуы шарықтау шегіне жеткен жоқ. Оған мысал, еліміздегі мемлекеттік кәсіпорындардағы, аурухана, тіпті жалпы білім беретін орындардың өзінде ақпараттық стендтарындағы қатемен жазылған қазақ сөздері. Қазақ тіліндегі ақпараттық стендтер, баннерлер қателерге толы. Мемлекеттік тілдің грамматикалық және стилистикалық нормалары сақталмайды. Кейде әріптер жоқ, ал бір жерде мемлекеттік тілде ақпарат жоқ. Мәтіндер тек тікелей аудармалардан тұрады. Мәндері анық емес. Дәл осындай біздің заңнамалық актілер туралы да айта аламыз. Тіпті қарапайым стендтерде қателік жіберілсе, заңнаманың жайы не болмақ?

Негізгі ұсыныстарға келетін болсақ, жоғарыда атап өткендей қазақ тілінің беделін көтеру керек. Бұл үшін ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген 7-бабының 2 тармақшасында көрсетілген *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»* деген ережені алып тастау керек деп ұсыныс жасағымыз келеді. Себебі, екі тілдің теңдігі қазақ тілін кең қолдануға қайшылық келтіреді, қазақ тілі басым болмай жоғарыда көрсеткен мәселелер өзгермейді. Мысалы, мемлекеттік мекемелердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құжаттары орыс тілінде жазылып, жұмыс барысы орыс тілінде өткізіледі. Біздің ойымызша, бұл бап қажет болған жағдайда орыс тілінің қолдану аясын бекітетін бап. Бірақ қазіргі таңда бәрі керісінше орын алып жатыр. Сондықтан бұл баптағы 2-тармақшаны алып тастауға негіздер бар деп ойлаймыз. Егер бұндай мәселенің шешілу ауылы алыс болса заңды қабылдаушы, қалыптастырушы мемлекеттік органдарға жұмысқа қабылдау барысында мамандардың қазақ тілін жетік игерген мамандарын қабылдатын нақты құқықтық актілер қабылдау керек. Сонымен қатар, біріздендірілген заңдық терминологиялық сөздік енгізуді ұсынамыз. Бұл сөздік арқылы заң саласындағы арнаулы анықтамалардың, ережелердің мағынасын, аудармасының түп нұсқасындағы мазмұның қарай аламыз. Терминологиялық сөздікке біздің заңнамалық актілерде көрсетілген негізгі терминдерді қазақша нұсқада жаза аламыз. Әрине, заңдық терминологиялық сөздіктер өте көп, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сөздіктер жоқтың қасы. Бұл сөздікті құра отырып, қарым-қатынасқа түсіп отырған тұлғалар, лауазымды адамдар, оқытушылар мен оқушылар өзіне қажетті ақпаратты тез, әрі түсінікті формада қабылдайтындығына толықтай сенімдіміз. Мысалы, қатынасқа түсіп отырған тұлғалар арасында заңнамалық актілерді түсінбеуі жағдайында, қалай және қайдан ақпарат аламыз деген сұрақтар жиі кездеседі. Біріздендірілген терминологиялық сөздікті өзіне қажетті ақпаратты таба алатындай деңгейде ұйымдастыруымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
2. «Қазақстан Республикасының тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы(өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
3. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
4. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Жалпы бөлімі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-1 қабылданған. (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
5. Орынбек Өтемұрат. Мемлекеттік тілде заң жазуға не кедергі (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер EGEMEN.KZ. URL://<http://www.egemen.kz> (15.04.2020)
6. Есімжан Нақтыбайұлы. Мемлекеттік органдар рейтингіне қазақ тілінде құжат дайындау сапасы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер INBUSINESS.KZ. URL: <http://inbusiness.kz> (15.04.2020)
7. Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий // (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ONLINE.ZAKON.KZ. URL: <http://online.zakon.kz/30355569>

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Тоқатов Р.А. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
з.ғ.м, аға оқытушы.*

*Азарбакытова И.Ж. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
заң факультеті 4 курс студенті*

Интернет – қазіргі заманда әртүрлі қызметтер мен ресурстардың жиынтығы болып, ең маңызды роль атқарады. Пойызға, ұшаққа, автобуска онлайн билет алып, жүру уақытын бақылауға, үйден шықпай ақ дүкенге, мейрамханаларға тапсырыс беруге тағы да басқа онлайн арқылы қызметтерді алу, бұл интернеттің әлемде әлде қайда дамып кеткенін және біздің өмірімізді түбегейлі өзгерткенін айқындайды.

Бүгінде Интернеттің маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Интернет біздің күнделікті өмірімізге еніп, әр адамның өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Интернет осындай қуатты және әмбебап мүмкіндікті қамтамасыз етеді, оны кез-келген ақпаратқа тәуелді мақсатта пайдалануға болады және оны құраушы желілердің біріне қосылған кез-келген адам қолдана алады. Ол адамдардың әлеуметтік желілері, электронды пошта «сөйлесу бөлмелері», жаңалықтар топтары және аудио-видео беру арқылы қарым-қатынасын қолдайды және адамдарға әртүрлі жерлерде бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Интернет өзінің көптеген сауда-саттықтары мен қызметтерін интернет арқылы жүзеге асыратын компаниялардың өсуіне негіз болды. Интернеттің бүкіл әлем бойынша жүздеген миллион қолданушыларды қамтитын ғаламдық компьютерлік желі екендігі баршаға белгілі.